

Әйтеке би ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 қазандағы № 263 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 18 қарашада № 3-2-122 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 101 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 27.06.2013 № 101 шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбына өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 29.04.2013 № 95 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 5 тармағына және 7 бабының 3 тармағына 4) тармақшасына сәйкес Әйтеке би аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Әйтеке би аудандық бюджет қаражаты есебінен ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына аудандық бюджет қаражаты есебінен отын сатып алу үшін бір жолғы өтемақы 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек берілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 29.04.2013 № 95 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қазаннан басталған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы:

Ж.Қасымов

Аудандық мәслихаттың
хатшысы:

А.Ермағамбет

Аудандық мәслихаттың

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК